

М. Е. Уалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны

ТЕРРОРИЗМНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛҒАШҚЫ ӘРЕКЕТТЕРІ

Терроризм немесе лаңкестік дегеніміз — [лат. terror — қорқыныш, үрей] — саяси мақсатты сылтауратып күш қолдану. «Зорлық», «қорқыту», «қорку» сөздері — террор сөзінің синонимі¹.

Терроризмнің шығу уақыты мен тарихта болған жағдайды заманауи терминмен бағалау туралы ғалымдар әртүрлі ойда.

Көбісі кез-келген саяси өлтіруді лаңкестікке теңестіреді және қорыта келгенде, лаңкестіктің түбірлері көне замандарға жатқызады (У. Лакер). Егер уақыт тағы ертелеу болмаса, басқасы оны ХХ ғасыр феномені, лаңкестік деп есептейді (Александр, В. Чаликова және басқалар). Француз тарихшысы М. Ферро лаңкестікті «өзіне тән ХІ–ХІІ ғасырдағы Хошашин ислами дәстүріне» теңестіреді, ал Неймарк қазіргі лаңкестікті пост-Наполеондық реставрация дәуіріне жатқызады².

Ұғым ХVІІІ соңында ұлы француз төңкерісі кезінде якобиншілдер жүргізген репрессиялық саясат атауында қолданылды. «Террор» ұғымы қазіргі әдебиеттерде диктаторлық немесе тоталитарлық жүйелердің өз азаматтарына қатысты күш қолдану және үрей туғызу саясатын сипаттауда қолданылады. Терроризм ретінде «әлсіздің» тарапынан болатын (радикалды саяси оппозиция, экстремистік пиғылдағы ұлттық немесе діни ұйымдар, діни фанатиктер және т. б.) әрекет ретінде түсіндіріледі. Терроризм — ұйымдасқан топ, дйттеген мақсатына жету үшін дүрсін-дүрсін күш қолдану арқылы көрініс табатын әдіс. Қазіргі жағдайларда террористер аманатқа алуды, қоғамдық мәндегі ғимараттарды басып алу, жарып жіберу, ұшақтарды алып қашу және өзге де әрекеттерге барады. Террористік әрекеттер қашан да жариялы түрде жүреді және қоғамға, билікке әсер етуге бағытталады. 1977 жылы Еуропалық Кеңеске мүше мемлекеттер терроризммен күрес жөнінде Еуропалық конвенция қабылдады. Терроризм (ең алдымен, көрнекті саяси және қоғам қайраткерлерін өлтіру) тарих ағынына елеулі ықпал етеді, бірақ саяси қайраткерлерге қарсы террорлық актілер өздігінен жалпы адамзатқа аса қауіп төндіре қоймайды. ХХ ғ. екінші жартысында жағдай түбегейлі өзгерді, терроризмнің әртүрлі түрлерінің күрт жіктелуі орын алды. Ол өмір сүріп отырған бүкіл саясат тәртіптеріне, институттарға, заңды билік құрылымдарына қарсы жаппай соғысқа айналды. Терроризмнің иррационалдықы қыры саясатқа еш қатысы жоқ қарапайым халықты жаппай қырудан көрініс тапты. Нәтижесінде зорлық-зомбылық апаты және вакханалия жер шарының әрбір адамын, террорлық актіні ұйымдастырушылардың ақылға қонымсыз идеяларының бұғауында қалдырды. ХХ ғ. соңында терроризм қазіргі заманның өткір ғаламдық мәселелеріне айналды. 1960–1970-шы жылдары солшыл экстремистік пиғылдағы Италиядағы «Қызыл бригада» және Германиядағы Баадер — Майнхоф сияқты топтардың әрекеттерімен байланысты терроризм толқыны Батыс Еуропаны шарпып өтті. 1990-шы жылдардың басында Ресей қанды террористік зомбылықтың ортасында қалды. Кейіннен оған ислам экстремизмі, шешен сепаратизмі қосылды. Антитеррордың әдістері, технологиясы және тиімді стратегиясы отандық және шетелдік арнайы қызметтер күшіне сүйенеді. Саяси мақсаттарын іске асыру үшін өлімді, адамдарды ұрлауды, диверсияны және басқа да басып-жаншу актілерін құрал ретінде қолданылады.

Ежелгі дәуірдегі терроризм. Шығу тарихы бойынша терроризм ерте дәуірде де болды деген ой бар. Кейбір ғалымдардың ойынша ежелгі иудтардың сектасы сикарий (немесе қанжаршылар) ең алғашқы террористік топтарға жатады деп тұжырымдайды. Олар б. з. д. I ғасырда өмір сүрген. Ол қанжардың аты «сику» болғандықтан, олар сикарий деп аталып кетті. Топ мүшелері римдіктермен бейбіт өмір сүргісі келген еврейлерді қанжармен өлтірген болатын. Әлеуметтік наразылықты қимылға басшылық жасаған экстремистік ұлтшылдар болды. Сикарийлер әлеуметтік таптарды бір-біріне қарсы келтірген. Діни фанатизм және саяси терроршылдық сикарийлардың іс-әрекеттерінде көрінеді. Олар азап шегушілік, қиналу

нәтижесінде қуанышқа кенелеміз деп ойлады. Жек көрінішті режимді құлатудан кейін Құдай халыққа келіп оларды азаптардан босатады деп сенді. 66–71 жылдардағы Иудей көтерілістерінде олардың жеңілуі террорлық акті ретінде маңызды рөл ойнады және нәтижесінде сикарийлер саны азайып кетті. Негізінде, қоршалған Иерусалим қаласындағы сикарийлердің іс-әрекеттері қаланы римдіктер жаулап алғаннан кейін ғана сикарийлердің толығымен жойылуына әкеп соқты.

Орта ғасырдағы террорлық әрекет. Орта ғасырлардың террористік ұйымның классикалық мысалы — хашашин немесе еуропалық айтылуда, «ассассин» сектасы болып табылады. Құпия соғысты, диверсиялық тәжірибені және зорлықпен жетістікке жету құралдарын дамытқан хашашин сектасы. Саббах ибн Хасанның 1090 жылда Аламут бекінісі (қазіргі Иран) Хамаданнан солтүстігіндегі Долиноға бағыт алды. Келесі 150 жылдың ішінде оның ізбасарлары Жерорта теңізінен бастап Парсы шығанағына дейінгі аумақты соғыс жағдайына әкелді. Түсініксіз діндегі, толық бекітіліп, қалыптаспаған түсінік пен пікір нәтижесінде — жүздеген халиф пен сұлтандарды, әскербасы және ресми дін басылардың өкілдерін өлтірді. Сол уақыттағы адамдар «Ассассин» сектасын «қолға түспеген мамандар, бүгінгі күннің позициялары мен жауынгерлері болған» деп есептеген. Сонымен қатар олар Шығыстың көлемді геосаясат кеңістігіндегі саяси жағдайын айтарлықтай тұрақсыздандырып отырды.

Террорлық актілерді ұйымдастырудағы негізгі тұлғалар:

«Каррье Жан Батист — француз терроршысы, 1756–94 жылдарда өмір сүрді. 1792 жылғы конвенттің фанат мүшесі, 1793 жылы тұтқын адамдардың көпшілігі – вандеецтерді суға батырып, өлім жазасына кесті. Каррье Жан Батист Тоғызыншы термидордан кейін жазаланған»³.

«Таллиен (Tallien), Жан-Ламберт, француз саяси қайраткері, (1769–1820), конвенттің мүшесі, өз әйелі Тереза де-Фонтонэның ықпалымен (1775–1835) 1794 жылдан бастап террорист. 9 термидордың уақытында Робеспьерді биліктен тайдыруға атсалысқан. Кейінірек бесжүздік кеңестің мүшесі болған»⁴.

Жаңа және Қазіргі замандағы терроризм. Саясаткерлер жаңа замандағы терроризмнің негізгі 4 толқынын атап көрсетеді.

– Ресейде 1880-ші жылдардағы таралуға қатысты революциялық идеологияларды Еуропада, ал содан соң және Солтүстік Америкаға енгізді.

– XX ғасырдың отаршылдыққа қарсы, ұлт азаттық көтерілістер кезеңдері.

– Жаңа солшылдардың 1970 жылдардағы іс-әрекеттеріне байланысты қозғалыстар.

– 1970 жылдан бастау алған жаһандану процесі нәтижесіндегі толқын⁵.

1970 жылдан бастап санасақ 93 ірі террористтік лаңкестік әрекет тіркелген.

Терроризмді зерттеу ұлттық консилиумы баяндамасында және АҚШ Мэриленд университетінің терроризм жайлы жауаптарында дүние жүзі бойынша 2012 жылы 8 500 террорлық акті болып өткендігі жазылған. Осы террорлық акті ішінде 15,5 мың адамның өмірі қиылған екен. 2012 жылы зардап шеккендер саны мен террорлық актілер саны бойынша рекордтық жыл болып есептеледі. Тіркеулер 1970 жылдан бастап жүргізіледі. Зерттеушілердің айтуынша террорлық актілер жасалатын басты аймақ – мұсылман халқы өмір сүретін жер. 7 басты қауіпті топтардың 6-ы Аль-Каидамен байланысты⁶.

Террорлық актілер қазіргі күнде біздің өмірімізде жиі болып жатқан жағдай. Осы лаңкестік әрекеттердің алдын алу мыңдаған адамдардың өмірін сақтап қалады. Өткенді білмей болашағымызды болжай алмайтындығымыз бәріне мәлім. Сондықтан, тарихқа үңіле отырып, ғаламдық мәселенің түйінін шешу әбден мүмкін.

-
- ¹ Будницкий О. В. Терроризм: история и современность // Айрекс. Электронный журнал «Полемика» (1994-1995) [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://www.irex.ru/press/pub/polemika/> — С. 35–39.
 - ² Салимов К. Н. Современные проблемы терроризма. — М., 1999. — С. 64.
 - ³ Королев А. А. Террор и терроризм в психологическом и идеологическом измерении: история и современность. — М., 2008. — С. 49.
 - ⁴ Витюк В. В., Эфиров С. А. «Левый» терроризм на Западе: история и современность. — М, 1987. — С. 77.
 - ⁵ История международного терроризма / Нетаньяху Беньямин. — М., 2002. — С. 42.
 - ⁶ Королев А. А. Международный терроризм на современном этапе // Электронный журнал «Знание. Понимание. Умение». — 2008. — № 6. — С. 17.